

## Сабақ жоспары

<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Астана символы -Бәйтерек</b>	
<b>Күні</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:Суюнжанова Гульмира Сагандыковна</b>	
<b>Сынып 4</b>	Қатысып отырғандары 12	Келмегендер саны 0
<b>Осы сабаққа арналған оқу мақсаты</b>	Астананың басты символы - « Бәйтерек» туралы мәлімет беру. Тақырып бойынша сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату. Мәтінмен жұмыс жасауға, сұрақ қоя білуге, жауап бере алуға үйрету.	
<b>Сабақтың мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Көрнекі құралдар арқылы тапсырмаларды орындай алады Мұғалім қойған сұрақтарға жауап бере алады	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> 1.Мынау кім? мынау не? сұрақтарына жауап бере алады, сөз мағынасын түсінеді 2.Мәтінде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын, сөздік арқылы түсіне алады 3.Мәтін бойынша сөз тіркесін,қысқа сөйлемдер құрастыра алады	
	<b>Кейбір оқушылар:</b> 1.Жаңа мәтінді мазмұндай алады 2. Астана символы- «Бәйтерек» мағынасын түсінеді, атай алады	
<b>Жетістік критерий лері</b>	Сұрақтарға жауап бере алады, мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындай алады . Астана символы- «Бәйтерек» туралы өз ойларын атай алады\сөйлемді толықтыра алады	
	<b>Негізгі сөздер мен фразалар</b> ғимарат\салынды\сәулетші\биіктігі\алтын шар\ тірек\әлем\ағашы\нышан\жетекшісі	
<b>Алдыңғы оқу</b>	Туған жер/атамекен/ ел/ молшылық/ бейбітшілік	
	<b>Сұхбатқа арналған пайдалы фразалар</b>	
	Мынау не? Ол қандай? Мынау кім? Самұрық құс не? Жобаның жетекшісі кім білесіңдер? Сәулетшісі кім? Нышан қай жылы салынған?	

<b>Жоспар</b>		
<b>Жоспарланған мерзімдер</b>	<b>Жоспарланған шаралар</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы 5 минут</b>	<p><b>1. Ұйымдастыру кезеңі. (Оқушылармен сұхбат құрастыру)</b></p> <p>-Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Бүгін сыныпта кім кезекші? -Сабақта кім жоқ?</p> <p><b>2. Оқушыларға жайлы ахуал ұйымдастыру:</b> <b>Тренинг «Шаттық шеңбер».</b> Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне тілектер айтады.</p> <p><b>3. Үй тапсырманы тексеру</b> <b>«Сұрақ менен- жауап сендерден»</b> оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді</p>	
<b>Ортасы 30 минут</b>	<p style="text-align: center;"><b>Жаңа сабақ.</b></p> <p>Мұғалім: Балалар, қазір біз мәтінді тыңдап шығып сабақтың тақырыбын анықтауға тырысамыз.</p> <p><b>1.Оқушыларға мәтінді оқып, сұрақ-жауап арқылы сабақтың тақырыбын анықтау.</b></p> <p>Көктебенің басында, алып көк теңіздің жағалауында өмір ағашы –Бәйтерек өседі екен. Жыл сайын Бәйтеректегі ұяға киелі Самұрық құс күн бейнелі алтын жұмыртқа салады екен. Бірақ жыл сайын айдаһар-жылан сол күнді жеп қояды. Аңыз бойынша Ер Төстік батыр жыланды өлтіріп, Самұрық құстың алтын жұмыртқасын аман алып қалады. Киелі ағаш туралы аңыз-бейбітшілік пен келісімге өмір сүруге ұмтылған жана Қазақстанның көрінісі.</p> <p><b>«Ой қозғау» стратегиясы</b> Тыңдалған мәтін не туралы? Самұрық қандай құс? Самұрық құстың жұмыртқасын кім аман алып қалады?</p> <p><b>2. Сөздік жұмысы</b></p> <p>а) мұғалім жаңа сөздерді оқиды,балалар тізбектеп қайталайды</p> <p>ғимарат -здание салынды-был построен сәулетші-архитектор биіктігі-высота алтын шар-золотой шар аялы алақан- заботливые, ласковые руки</p> <p>ә) жаңа сөздермен балалар сөз тіркестерін және сөйлемдер құрастырады:</p>	Оқулық

### **3.Топпен жұмыс «Жигсо» әдісі**

**1 топ:** Астанада 2002 жылы биіктігі 97 метрден тұратын монумент салынды. Ол «Бәйтерек» деп аталды. Бәйтеректің жоғары бөлігінде алтын түсті алып шар орналасқан. Шардың диаметрі 22 метр, салмағы 300 тонна. «Бәйтерек» монументі Есіл өзенінің сол жағында орналасқан. Ол үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі – жер асты бөлігі, екіншісі – ұзын темірден жасалған ұңғы, үшіншісі – үлкен дөңгелек шар.

**2 топ:** «Астана –Бәйтерек» монументі 2002 жылы салынды. Сәулетшісі –Норман Фостер. «Астана – Бәйтеректің» биіктігі - 97 метр. Мұнара негізгі үш әлемнен құрылған: жер асты, жер және аспан әлемі. Төрт жарым метр тереңдікте орналасқан астыңғы қабатта кафе, аквариум және «Бәйтерек» мини-галереясы орналасқан. Бәйтеректің жоғары бөлігінде алтын түсті алып шар орналасқан. Шардың диаметрі 22 метр, салмағы 300 тонна

**3 топ:** Бәйтеректің жоғары бөлігінде алтын түсті алып шар орналасқан. Шардың диаметрі 22 метр, салмағы 300 тонна. Жер асты бөлігінде кафетерий және үлкен аквариум орналасқан. Ұзын ұңғы бірнеше қабаттан тұрады. Ал дөңгелек шардың ішінде елбасымыздың қолының ізі бар тас орналасқан. Егер алақанға қолды қойып, арман-тілек тілесе орындалады деп айтылады

#### **Әр топ өз бөлігін оқып аударды, мазмұндайды**

«Миға шабуыл»

1. «Бәйтерек» монументі қайда салынған?
2. Монументтің сәулетшісі кім?
3. Шардың салмағы қандай?
4. «Бәйтерек» неше бөліктен тұрады?
5. Бәйтеректің биіктігі неше метр?

#### **4. Сөйлемдерді дұрыс құрастыру (жүппен жұмыс)**

\*Тұратын,97, метрден, биіктігі, салынды, 2002, монумент, жылы, Астанада.

\* «Бәйтерек», өзенінің, Есіл, жағында,сол, орналасқан, монументі.

\* Қабаттан, ұңғы, бірнеше, ұзын, тұрады.

\* Астанада, ғимараттар,ғажап, зәулім,жатыр, салынып.

\* Астана туралы, бар, көптеген, аңыздар

\*Бейбітшіліктің, қаласы, және, бұл, достықтың

\* Қазақстанда, солтүстік, орналасқан, Астана.

\* Даңғылда, тұр, орталық, ескерткіштер.

\*Қала, жас, сұлу, Астана, ең

\* «Аялы алақан», мынау, композициясы

Тақырыптық суреттер

Интербелсенді тақта,

слайдтар

<p><b>Сабақтың соңы</b></p> <p>3 минут</p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>2 мин</p>	<p>*Астанаға, барады, поезд, қаладан, біздің *Бөліктен, үш, ол, тұрады.</p> <p><b>5. Сергіту сәті: «Екі суретшінің суреті»</b></p> <p><b>6. Кітаппен жұмыс 60 бет 4 тапсырма сұхбатты оқу, аудару</b></p> <p><b>7.Дәптермен жұмыс</b></p> <p>1 топ «Бәйтерек» сөзін септеу 2 топ «Бәйтерек» сөзін тәуелдеу 3 топ «Бәйтерек» сөзіне фонетикалық талдау</p> <p><b>8. Бекіту</b> Сұрақ-жауап Бәйтеректің жоғары бөлігінде не орналасқан?(алтын шар) Есіл өзенінің жағалауында орналасқан әсем қала қалай аталады? (Астана) Шардың диаметрі мен салмағы қанша? (шардың диаметрі -22 метр, салмағы 300 тонна) «Аялы алақан» кімдікі? (Елбасынікі)</p> <p>Мен сендерге алақандар суретін бердім, соған енді жақсы тілек жазып күннің көзіне ілеміз.</p> <div data-bbox="359 1120 694 1422" data-label="Image"> </div> <p><b>9. Үй тапсырма:</b></p> <p>1.Жаңа сөздерді жаттау 2.“Бәйтерек” сөзіне сөзжұмбақ құрастыру</p>	<p>Оқулық</p>
---	---	---------------